# "Кедендік тазарту" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі жөніндегі нұсқаулық

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Кедендік тазартуды электрондық түрде жүзеге асыру үшін "электрондық үкімет" веб-порталының бас мәзірінің "Кеден және салықтар" қосымша бетіне өту қажет




2. "Кедендік тазарту" қызметінің түрін таңдау




3. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін "Қызметке онлайн тапсырыс беру" батырмасы бойынша өту қажет




4. "Электрондық үкімет" веб-порталы сізді "АСТАНА-1" кедендік және салықтық әкімшілендірудің автоматтандырылған жүйесі" сайтына автоматты түрде жібереді.




5. Тауарларды кедендік тазарту тауарларға арналған декларацияны электрондық түрде беру арқылы жүргізіледі. Тауарларға декларация тапсыру үшін Сіз сайттың бас мәзірінде орналасқан "Декларациялау жөніндегі пайдаланушы нұсқаулығымен" таныса аласыз




"Бейне сабақтар" негізгі мәзірінің қойындысында тауарларға декларация беру туралы қадамдық бейне нұсқаулық бар.

Тауарларға декларация тапсыру үшін сізге:

- http://212.154.167.54:8080/index.jsf порталынан java жүктеу және орнату (дербес компьютердің техникалық параметрлеріне байланысты);

- Security бөліміндегі java конфигурацияларында http://212.154.167.54:8080 ерекшелігін қосыңыз;

- http://212.154.167.54:8080/index.jsf порталынан "ТАУАРЛАР САНЫ КӨП ДЕКЛАРАЦИЯЛАРҒА АРНАЛҒАН АСТАНА -1" немесе "ИНТЕРНЕТТЕН КЕДЕН ЖҮЙЕСІНЕ ҚОСЫЛУ" қосымшаларын жүктеу қажет




Тауарларға арналған *электрондық декларацияны* беру, тәуекелдерді басқару жүйесінің кедендік, өзге де құжаттарды және (немесе) мәліметтерді тексеру түріндегі кедендік бақылау нысанын айқындауын қоспағанда,

көрсетілетін қызметті берушіге онда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды ұсынумен бірге жүрмейді.

*Тауарларға арналған декларацияны қағаз жеткізгіште* беру көрсетілетін қызметті берушіге ТД-да мәлімделген мәліметтерді растайтын қағаз жеткізгіштегі құжаттарды, сондай-ақ оның электрондық түрін ұсынумен сүйемелденеді.

Мұндай құжаттарға мыналар жатады:

1. Тауарлармен мәміле жасалғанын растайтын құжаттар, ал мұндай мәміле болмаған жағдайда-тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқығын растайтын өзге де құжаттар, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының иелігіндегі өзге де коммерциялық құжаттар.
2. Көліктік (тасымалдау) құжаттар.
3. Тыйым салулар мен шектеулердің, ішкі нарықты қорғау шараларының сақталуын растайтын құжаттар.
4. Тауарлардың шығу тегі туралы құжаттар.
5. Кедендік төлемдердің, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының төленгенін және (немесе) кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуді растайтын құжаттар.
6. Кедендік төлемдерді, салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктер беру мақсаттары мен шарттарының сақталуын растайтын құжаттар.